

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ
ӘЛЕУМЕТТАНУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫС КАФЕДРАСЫ

Факультеттің Ғылыми Кеңес мәжілісінде
Бекітілді

Факультет деканы

_____ Б.Б. Мейірбаев
№ 12 хаттама 26.06.2025 ж.

«SPON 2205 - Өзін-өзі түсіну және қарым-қатынас дағдылары» пәні бойынша

ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ
«БВ11401 Әлеуметтік жұмыс» білім беру бағдарламасы

Курс: 2
Кредит саны -5

Алматы, 2025

Өзін-өзі түсіну және қарым-қатынас дағдылары пәні бойынша емтихан бағдарламасын әзірлеген әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасының профессор-ассистенті Мамытканов Д.К.

Әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасында ұсынылып қарастырылды.

Хаттама №11 16. 06. 2025ж.

Кафедра меңгерушісі Абдирайымова Г.С

КІРІСПЕ

«Өзін-өзі түсіну және қарым-қатынас дағдылары» пәні бойынша БАҒДАРЛАМА

Қорытынды бақылау жүргізу бойынша әдістемелік нұсқау ұсыныстары

Қорытынды бақылауға қолданылатын платформа: жазбаша, дәстүрлі аудитория

Емтихан өткізу формасы – жазбаша

Емтихан түрі : дәстүрлі – сұрақтарға жауап

Қорытынды бақылау жүргізудің формасы: қорытынды емтихан жазбаша түрде жүргізіледі. Тақырыптық мазмұн жұмыстың барлық түрлерін қамтиды: дәрістер мен семинар сабақтарының тақырыптары, сонымен қатар студенттердің өзіндік жұмысына арналған тапсырмалар. Жазбаша емтихан тапсыратын студент мәтінді арнайы мөр басылған парақша бетіне жауабын жаза алады. Емтиханды тапсыру үшін мына ережелерді орынду қажет: Билеттер бақылау сұрақтары негізінде құрастырылып, билет сұрақтары 3 сұрақтан– тұрады. Жауаптар мынадай критерийлермен қарастырылады: емтиханға берілген сұрақтарды– мүмкіндігінше түгелімен қамту; жауаптың мазмұны қысқа әрі нақты болуы керек; практикалық сұрақтар теоретикалық сұрақтарды толықтыруы тиіс; логикалық ойлаумен, қорытынды жасаумен байланысты әлеуметтік талдау қажет.

Емтихан ұзақтығы 2 сағатты құрайды. Уақыт аяқталғаннан кейін жазбаша жауаптарды кезекшіге өткізеді. Міндетті түрде емтихан ережелерін сақтау қажет Емтиханды өткізу регламенті: Емтихан алдын-ала белгілі кесте бойынша өткізіледі. Емтихан ұзақтығы - 2 сағат Емтиханға берілген сұрақтар бойынша универ жүйесі автоматты түрде билетті қалыптастырады. Ескерту: Емтихан кезде білім алушыларға шпаргалка, ұялы телефон, қосымша парақ, қосымша ақпаратқа рұқсатсыз техникалық құралдарды алып кіруге және қолдануға, атыжөніні жазуға қандайда бір белгілер қоюға тиым салынады. Сонымен қатар, өзге адамдармен сөйлесіп, бір біріне кедергі жасамау қажет

«Өзін-өзі түсіну және қарым-қатынас дағдылары» пәнінің мақсаты – студенттердің өзін-өзі тану, өз эмоциясын, мінез-құлқын және тұлғалық ерекшеліктерін түсіну қабілеттерін дамыту, сондай-ақ тиімді тұлғааралық қарым-қатынас орнату, конфликтілерді басқару және эмпатиялық тыңдау дағдыларын қалыптастыру.

Оқытудың нәтижелері:

- Өзін-өзі тану мен өзіндік сана ұғымдарының психологиялық және әлеуметтік негіздерін түсінеді;
- Эмоционалдық интеллект, тұлғалық даму және қарым-қатынас мәдениеті теорияларын біледі;
- Қарым-қатынас түрлері, стильдері және тиімді коммуникация модельдері туралы түсінік қалыптастырады.
- Өз тұлғалық ерекшеліктерін, күшті және әлсіз жақтарын талдап, өзіндік даму жоспарын құра алады;
- Топтық және тұлғааралық қарым-қатынаста тиімді коммуникативтік тәсілдерді қолдана алады;
- Кікілжің жағдайларын басқару және сындарлы диалог орнату әдістерін қолданады.
- Өз әрекеттерін және эмоцияларын талдау арқылы өзін-өзі реттеу қабілетін дамытады;
- Басқалардың мінез-құлқын, сөздік және бейвербалды сигналдарын талдай алады;

- Коммуникация үдерісіндегі кедергілерді анықтап, оларды жою стратегиясын жасай алады.
- Тиімді қарым-қатынас мәдениетін бағалай алады және кәсіби этика нормаларын сақтайды;
- Эмпатия, тыңдай білу, пікір алмасу мен өзіндік көзқарасты дәлелді қорғау дағдыларын дамытады;
- Коммуникациялық құзыреттілікті жеке және кәсіби өмірде тиімді қолдана алады.

Емтихан билеті функционалдық және жүйелік тапсырмалардан және 3 сұрақтан тұрады. Жазбаша жұмыс үшін ең жоғары баға – 100 балл

СТАНДАРТТЫ ЕМТИХАН: ЖАЗБАША.

Жазбаша емтихан тапсыру процесі емтихан билетін автоматты түрде құруды қамтиды. Білім алушыға мәтінді берілген сұрақтар бойынша жазбаша жауап қалыптастыру қажет.

Оқытушы Univer АЖ (univer.kaznu.kz) сұраулығына пән бойынша әзірленген емтихан сұрақтарын жүктейді. Әр билет үш блокқа бөлінген сұрақтардан тұрады.

Бірінші блокқа оқыту объектісін білу мен түсінуді бағалайтын когнитивті (білімділік) құзыреттілік сұрақтары енеді. Бұл студенттердің оқыту аймағындағы алдыңғы қатарлы білімді түсіну мен білімін көрсету қабілетін қамтиды.

Екінші блокқа ақпаратты қолдану және талдау іскерлігін бағалайтын функционалдық құзыреттілікті анықтайтын сұрақтар кіреді. Бұл студенттердің зерттеу аймағындағы дәлелдерді қалыптастыру мен негіздеу және мәселелерді шешу арқылы өз білімін қолдана білуі және түсінуін қарастырады.

Үшінші блокқа ақпаратты синтездеу және бағалау іскерлігін анықтайтын жүйелік құзыреттілік мәселелері кіреді. Мұнда студенттердің пікірлерді дәлелдеу, эссе жазу, шығарма жазу қабілеттері бағаланады.

Пән бойынша қорытынды емтихан 15 апталық оқытудан кейін жүргізіледі. Емтихан түрі – жазбаша.

Емтиханға дайындалу барысында оқуға ұсынылатын тақырыптар:

- Мінез -құлықтың қазіргі кезеңдегі этикалық нормалары және қарым -қатынас мәдениеті, кәсіби этикетті қарым -қатынас мәдениеті және кәсіби мінез -құлықтың маңызды жағы ретінде
- Болашақ мамандығында түрлі практикалық мәселелерді талдау және шешу үшін қарым -қатынас мәдениеті, этика туралы теориялық білімдер
- Түсініктемелердің негізгі парадигмалары
- Қоғамның құрылымы мен оның ұйымдастырушылық негізі туралы жүйелік көзқарастар
- Іскерлік әңгімелесуде, іскерлік келіссөздерде, телефонмен әңгіме жүргізуде конструктивті әсер ету дағдыларын қолдану және жағдаяттарды бағалаудың тәсілдерін білу позициясы
- Әлеуметтік мобильділік: түсінігі мен формалары. Әлеуметтік мобильділіктің көрсеткіштері мен қағидалары.
- Психологияда түсіну және өзін-өзі тану мәселесін зерттеу.

- Жасөспірім кезіндегі өзін-өзі түсінудің даму идеалы
- Диагностикалық міндеттер: тұлғаның қарым-қатынас деңгейін анықтау, оқушылардың өзіндік білім алуға деген қызығушылығының қалыптасуына ықпал ету байланыс ретінде.
- Байланыс туралы ғылыми білімнің құрылымы. Байланыс процесін зерттеу әдістемесі
- Байланыс процесін модельдеу әдістері, коммуникатордың сипаттамасы, хабарлама және оның мазмұны, байланыс каналы.
- Әлеуметтік коммуникацияның мәні, негіздері мен формалары
- Тұлғааралық қатынас.

Негізгі әдебиеттер:

1. Маралов В. Г. Основы самопознания и саморазвития: Учеб. пособие для студ. сред. пед. учеб. заведений. — 2-е изд., стер. — М.: Издательский центр «Академия», 2004. — 256 с.
2. Шик С.В. Становление самопонимания у старших подростков как средства социально-педагогической профилактики аддиктивного поведения: монография / Краснояр. гос. пед. ун-т им. В.П. Астафьева. — Красноярск, 2011. — 280 с.
3. Абдирайымова Г.С., Нұран Д.Н. Социальная Работа // "Қазақ Университеті" 2014г.
4. Абдирайымова Г.С. Социальная работа с молодежью. Алматы. 2003
6. Пузько В.И. Самопонимание и кризис личности [Текст]: Монография / В.И. Пузько. — Владивосток: Изд-во МГУ им. адм. Г.И. Нивельского, 2003. — 302 с.
7. Шик С.В. Воспитание самопонимания старших подростков: методические рекомендации к курсу по выбору для студентов III курса бакалавриата факультета педагогики и психологии детства, обучающихся по направлению «Педагогика» / Краснояр. гос. пед. ун-т им. В.П. Астафьева. — Красноярск, 2010. — 164 с.
8. Кайгородов, Б.В. Психологические основы развития самопонимания в юношеском возрасте [Текст]: Монография / Б.В. Кайгородов. — Астрахань: Изд-во Астраханского гос. пед. ун-та, 1999. — 160 с.

ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУДЫ КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ РУБРИКАТОРЫ

(стандартты ауызша / жазбаша және тестілеуден басқа барлық нысандар үшін)

№	Критерийлер	Өте жақсы (90–100%)	Жақсы (70– 89%)	Қанағаттанарлық (50–69%)	Қанағаттанарлықсыз (0–49%)
1	Теорияны түсіну	Негізгі ұғымдар мен теорияларды анық әрі толық айтып береді, сұрақтарға сенімді жауап береді	Теориялық білім жеткілікті, бірақ толық емес немесе аздаған қателіктер бар	Негізгі ұғымдарды біледі, бірақ түсіндіруде шатасады	Теориялық білім жоқ немесе өте төмен
2	Қарым-қатынас мәдениеті	Сұхбат барысында сыпайы, әдепті, тыңдаушыны сыйлайды, көзқарасын	Әдеп сақтайды, бірақ ойды жеткізуде кейбір қателіктер бар	Әңгімеде жүйелілік әлсіз, кейде әдеп нормаларын сақтамайды	Тыңдаушыға құрмет көрсетпейді, ойын түсініксіз айтады

№	Критерийлер	Өте жақсы (90–100%)	Жақсы (70– 89%)	Қанағаттанарлық (50–69%)	Қанағаттанарлықсыз (0–49%)
3	Практикалық жағдайды шешу	логикалық жеткізеді Жағдайды толық талдайды, бірнеше балама шешім ұсынады, дәлелді негіздейді	Жағдайды талдай алады, бірақ шешімдері аз және толық негізделмеген	Жағдайды үстірт талдайды, бір ғана шешім ұсынады	Жағдайды талдай алмайды, шешім ұсынбайды
4	Өзіндік рефлексия	Өзінің жеке тәжірибесін нақты мысалдармен талдайды, өзіндік пікір мен ұсыныс білдіреді	Тәжірибесіне талдау жасайды, бірақ пікірлері шектеулі	Өзіндік көзқарасы әлсіз, дайын үлгілерді қайталайды	Рефлексия жасамайды, жеке пікірін білдірмейді
5	Вербалды және вербалды емес дағдылар	Сөйлеуі анық, жүйелі, дауыс ырғағы сенімді; қимыл-қозғалысы, мимикасы мен ым-ишарасы орынды	Сөйлеуі жеткілікті, бірақ жүйелілік пен сенімділік кейде жетіспейді	Сөйлеуінде кідіріс көп, ым-ишараны сирек қолданады	Сөйлеуі түсініксіз, коммуникативтік құралдарды қолданбайды

Қорытынды бағаны есептеу формуласы:

Қорытынды баға (ҚБ) = (%1+%2+%3+%4+%5+%6 т.б.) / К, мұнда % – критерий бойынша тапсырманы орындау деңгейі,

К – критерийлердің жалпы саны.

Қорытынды баллды есептеу мысалы

№	Балл	«Өте жақсы» 90-100%	«Жақсы» 70-89%	«Қанағаттанарлық» 50-69%	«Қанағаттанарлықсыз» 25-49% 0-24%	
	Критерийлер					
1.	1 Критерий	100				
2.	2 Критерий		75			
3.	3 Критерий			60		
4.	4 Критерий				45	
5.	5 Критерий	100				
6.	6 Критерий				49	
	Қорытынды	200	75	60	94	200+ 75 + 60 + 94 = 429

	%					429 / 6 критерийлер = 71,5 Қорытынды балл в % = 72
--	---	--	--	--	--	---

Есептеу кезінде алынған пайызға сүйене отырып, біз бағаны бағалау шкаласымен салыстыра аламыз.

72 балл 70 балдан 89 балға дейін, бұл бағалау шкаласына сәйкес «**Жақсы**» санатына сәйкес келеді.

Осылайша, осы есептеуде жоба дәстүрлі бағалау шкаласы мен ECTS-ге ауыстыра отырып, білім алушылардың

оқу жетістіктерін есепке алуды бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесіне сәйкес «**Жақсы**», **72 балға** бағаланатын болады.

Декан

Мейрбаев Б.Б

Кафедра меңгерушісі

Абдирайымова Г.С.

Дәріскер

Мамтықанов Д.Қ.